



## Германияда ерікті ретінде қызмет атқару үшін виза (FSJ, FÖJ, EFD, BFD)

### Негізгі ақпарат

- Сіз барлық жаднамалар мен формулярларды дипломатиялық өкілдіктерінің виза бөлімшелерінде немесе веб-сайттарында тегің ала аласыз.
- Сондай-ақ, «Ұлттық визаны рәсімдеу туралы жалпы ақпарат» ескертпеге назар аударыңыз. Қосымша ақпаратты [Қазақстандағы неміс өкілдіктерінің веб-сайтынан алуға болады](#)
- Шет тіліндегі құжаттар неміс тілінің ресми аудармасымен ұсынылуы керек. Шетелдік төлқұжаттың тек мәліметтер бар ғана беті аударылмай қалады.
- Өкілдік басқа құжаттарды талап етуге құқылы.
- Құжаттар толық болмаған жағдайда тексеру жұмысын ұзартып және бас тартуға әкелуі мүмкін.
- Визалық өтініш бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін визаны рәсімдеу үшін қолданыстағы медициналық сақтандыру туралы полисті ұсынуы қажет, егер бұл құжат алдын ала тапсырылмаған болса.

### Жалпы ақпарат

Федералды еріктілер қызметі туралы ақпарат, соның ішінде „Оңтүстік-Солтүстік әлемге бет бұру“ компоненті: Келісімшартқа Сіздің қолыңызбен бірге Отбасылық және қоғамдық-азаматтық істер жөніндегі федералдық мекеменің (BAFzA), сондай-ақ тағайындаған мекеменің, орталық бөлімінің және қажет болған жағдайда ерікті ретінде қызмет атқарылатын мекеменің (ұйымдастырушының) қолдары қойылуы керек. Федералдық еріктілер қызметі бағдарламасына қатысу жасы шектелмеген. Алайда, „Оңтүстік-Солтүстік әлемге бет бұру“ бағдарламасының қатысушылары 18 бен 29 жас аралығында болуы керек.

Жас еріктілер қызметі туралы ақпарат (ерікті әлеуметтік жыл (FSJ) немесе ерікті экологиялық жыл (FÖJ)): келісімшартқа Сіздің және тиісті ұйымдастырушының және бар болған жағдайда тағайындаған мекеменің қолдары қойылуы керек. Қатысушылардың жасы 16 мен 27 аралығында болуы тиіс.

Еуропалық еріктілер қызметі (EFD) туралы ақпарат: Сіздің келісімшартыңызға Erasmus+ белсенді жастар ұлттық агенттігінің және үйлестіруші ұйымының қолдары қойылуы керек. Тапсырмаларды және жоспарланған оқу нәтижелерін сипаттайтын еріктілер қызметі туралы келісімге үйлестіруші және ерікті қол қоюы тиіс. Тілді білу EFD-ға қатысудың шарты емес. Еуропалық еріктілер қызметі (FED) бағдарламасының қатысушылары 17 мен 30 жас аралығында болуы керек.

Германияда болудың мақсаты - жалпы игілікке ұмтылу және дағдыларды меңгеру. Ерікті қызметтің ұзақтығы алты айдан 24 айға дейін болуы мүмкін, бірақ әдетте бір жылды құрайды.



Келесі тізім Сіздің құжаттарыңыздың толық толтырылғанын тексеруге мүмкіндік береді. Мұнда көрсетілген барлық құжаттар сұралған **үлгі бойынша кезегімен** тапсырылуы керек.

### Виза өтініштерін бақылау тізімі

Әр өтініш бойынша келесі құжаттар толық көлемде ұсынылуы қажет.

- Ұлттық виза алу үшін неміс тілінде толық толтырылған және қолыңыз қойылған 2 дана өтініш.
- 2 дана «Тұрақты тұру туралы» заңының 54-шы § сәйкес қол қойылған түсініктеме.
- 3 **биометриялық** тәлқұжат фотосуреті, уақыты 6 айдан аспайтын, өлшемі 3,5 x 4,5 см келетін (өтініш бланкілерінің екеуіне де фото жапсырыңыз және үшінші суретті өзіңізбен бірге алып келіңіз) (→ [Фотосуреттің үлгісі](#))
- Иесінің қолы қойылған** қолданыстағы **шетелдік тәлқұжаты** + толық мәліметтері көрсетілген парағының екі көшірмесі. Шетелдік тәлқұжаттың жарамдылығы сұралған визаның уақыт өткеннен кейін де кем дегенде 3 айлық күші болуы керек және кем дегенде екі бос беті болуы міндет.
- Сотталмағандығы туралы анықтама (өтініш берген кезде үш айдан ескі болмауы керек)
  - егер аты-жөні өзгермеген жағдайда: e.gov-тан электрондық көшірме екі дана
  - егер аты-жөні өзгертілген жағдайда: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінен сотталмағандығы туралы анықтама. Анықтамада тегі және бұрынғы барлық аты-жөні көрсетілуі шарт, апостильденген түпнұсқасы мен екі көшірмесі
  - егер сотталғандығы болса: тиісті сот шешімдерінің апостильденген түпнұсқасы мен екі көшірмесі
- Германияда ерікті қызмет атқару туралы келісім-шарт/келісім екі данада
- Алдын ала дайындықтан өткен туралы құжаттың түпнұсқасы мен екі көшірмесі:
  - Мектеп НЕМЕСЕ университет бітірген туралы **куәлік пен бағалар тізімі** (мысалы, аттестат, бакалавр куәлігі, диплом).
  - Соңғы НЕМЕСЕ қазіргі уақыттағы жұмыс берушінің анықтамасы, егер Сіз жұмыс істеп жүрсеңіз.
- Толық кесте түрінде жасалған білімі мен жұмыс тәжірибесі көрсетілген өмірбаян, екі данада.
- Екі данада жазылған және қол қойылған уәждемелік хат; хатта тұруға байланысты жоспарланған күтулер, кәсіби және жеке пайдалар, сондай-ақ болашаққа арналған жоспарлар көрсетілуі керек.
- Бар болса: Тілді білетін туралы растау түпнұсқасы мен екі көшірмесі
- Қажет болса: Неміс тілін білуді растау талап етілмейтінін және кіру кезінде тіл курстарында тіл үйренетінін жұмыс істейтін жерден растау.



Deutsche Vertretungen  
in Kasachstan

- Егер келісімде тұру және тамақтану туралы ақпарат көрсетілмесе, тұру және тамақтандыруды қамтамасыз ету туралы қосымша растауды ұсыну керек. Дәлелдерді қалай ұсыну керектігі туралы құзыретті шетел өкілінен кеңес алыңыз.

**Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ өтініш берушілерге:**

- Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтияр хат/тіркеуі, түпнұсқасы мен екі көшірмесі.